



**Инвесторлармен контракт жасасу кезіндегі женілдіктер мен преференциялар жүйесі және оларды берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 5 сәуір N 3445. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.03.06. N 349 жарлығымен. ~U000349

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан

Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңының

Z970075\_

7-бабының

3-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Инвесторлармен контракт жасасу кезіндегі женілдіктер мен преференциялар жүйесі және оларды берудің тәртібі туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1997 жылғы 5 сәуірдегі

N 3445 Жарлығымен

бекітілген

Инвесторлармен контракт жасасу кезіндегі женілдіктер  
мен преференциялар жүйесі және оларды берудің тәртібі

туралы

ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңын орындау үшін Қазақстан

Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан bylай - Комитет) мен инвесторлар арасында контракт жасасылған кезде женілдіктер мен преференциялар беру мәселелерін реттеу мақсатында әзірленді.

## I. Женілдіктер мен преференциялар берудің мақсаты және шарттары

1. Женілдіктер мен преференциялар инвесторларға инвестицияларды экономиканың басым секторларына тарту, инвестициялық тәуекелді төмендету және инвестициялық жобаны іске асырудың тиімділігін арттыру мақсатында беріледі.

Женілдіктер мен преференциялар беру инвестициялық жоба өтінімін және контракт жобасын кешенді сараптамадан өткізу нәтижелері бойынша "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпанды Заңына және осы Ережеге сәйкес мөлшерде, тәртіп пен мерзімге Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің контрактілер жасасуы жолымен жүзеге асырылады. <\*>

Тікелей инвестициялардың көлемі Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген шекті мөлшерден аспайтын контракт жасалған жағдайда женілдіктер (кеден женілдіктерінен басқа) мен преференциялар Комитет белгілеген стандарттарға сәйкес беріледі. <\*>

ЕСКЕРТУ. 1 бөлімнің атауы және 1-тармақ толықтырылды - КР

Президентінің 1998.06.30. N 3988 жарлығымен.

U983988\_

## II. Женілдіктер мен преференциялар берудің өлшемдері және олардың мөлшерін айқындау

2. Тікелей инвестициялардың көлемі Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген шекті мөлшерден асатын контрактілер жасалған кезде женілдіктер мен преференциялар беру үшін негізгі өлшемдер мыналар болып табылады:  
<\*>

1) жобаның ортақ шарттары:

жобаның экономиканың басым секторларына тиесілілігі;  
тікелей инвестициялардың жалпы көлемі;

- экспорттық өнімнің көлемі;  
импортты алмастырушы өнімдердің көлемі;  
күрьлатын жұмыс орындарының саны;  
экологиялық қауіпсіздік;
- 2) техникалық шарттар;  
өнімнің жақалылығы мен сапасы;  
енгізілетін техника мен технология жақалылығы;  
табиғи, шикізат және еңбек ресурстарын ұтымды пайдалану;
- 3) ұйымдастыру-басқару шарттары:  
осы заманғы менеджмент;  
маркетингтің озық әдістері;  
менеджерлерді, инженер-техник қызметкерлер мен жұмысшыларды оқыту және қайта даярлау;
- 4) қаржылық шарттар:  
инвестициялық жобаларды қаржыландырудың схемасы мен шарттары (мерзімдері, банктік сыйақы мүдде ставкалары, кепілдіктер және басқалары);

<\*>

- алынып пайданы болжанып отырған пайдалану (өндірісті кеңейтуге қайта инвестициялау);
- 5) экономикалық шарттар:  
жоба пайдасының ішкі нормасы;  
таза дисконтирленген кіріс (интегралды тиімділік);  
инвестицияның өтелу мерзімі;  
тәуекелдер;  
жобаның ұлттық экономиканы дамытуға тікелей және жанама ықпалы;
- 6) бюджеттік тиімділік:  
берілген женілдіктер мен преференциялар нәтижесінде алынбай қалған қаражаттың бюджетке түсуін қамтамасыз ету.

2-1. Комитет белгілеген стандарттарға сәйкес женілдіктер мен преференциялар берілетін инвестициялық жобалар үшін женілдіктер мен преференциялар берудің өлшемдері мыналар болып табылады:

жобаның экономикалық басым секторларына тиесілілігі;  
тікелей инвестициялардың жалпы көлемі.

<\*>

2-2. Осы Ереженің 2-тармағында белгіленген өлшемдерді

айқындаудың тәртібін Комитет реттейді.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Президентінің  
1998.06.30. N 3988 жарлығымен.

U983988\_

### III. Женілдіктер мен преференциялар жүйесі

3. Комитет беретін женілдіктер мен преференциялар жүйесіне мыналар кіреді:

жер салығы бойынша, мұлікке салық бойынша және табыс салығы бойынша женілдіктер;

кеден бажын төлеу жөніндегі женілдіктер;  
заттық кепілдіктер.

### IV. Салық женілдіктерінің түрлері мен оларды берудің шарттары

4. Табыс салығы:

1) инвесторға салық заңдарында белгіленген кезеңнің шегінде, Комитет пен инвестордың арасында жасасылған контрактіде белгіленген мөлшер мен мерзімге табыс салығының ставкасы негізгі ставканың 100 процентіне дейін төмендетіледі; салықтан босату пайданың контрактіде айқындалған қызметтің нәтижесінде алынған бөлігіне қатысты ғана қолданылады;

2) инвесторға табыс салығының ставкасы Комитет берген басқа да женілдіктер мен преференциялар ескеріле отырып, есепті тиімділігі инвесторға салымдардың қажетті (жеткілікті) ұтымдылығын қамтамасыз етпейтін жобалар бойынша төмендетіледі;

3) табыс салығының ставкасы жаңа жұмыс орындарын құратын, шығарылатын өнімдердің көлемін арттыратын, экспортты кеңейтетін немесе импортты қысқартатын жобаларға шетелдік инвестицияларды тарту үшін негізгі ставканың 100 процентіне дейін төмендетіледі; мұндай женілдіктердің ауқымы мен қолданылу ұзақтығы жобаның экономикасына қарай болжамдалып отырган инвестиациялардың басымдығымен айқындалады.

5. Инвестор жаңа өндіріс объектілерін салу кезінде және ауыл шаруашылығына инвестициялар кезінде Комитетпен жасасылған контрактіге сәйкес жер салығынан уақытша босатылады немесе оған салық ставкасы төмендетіледі; салықтан босату контракт шарттары бойынша қызметке пайдаланылатын жер учаскелері бойынша қолданылады.

6. Инвестор капиталды көп қажетсінуімен, жабдықтар мен өндірістік қуаттарға деген инвестициялармен сипатталатын жаңа өндірістік объектілер салу кезінде және инвестициялар мен сипатталатын жаңа өндірістік объектілер салу шығыстар кірістерден едәуір артқан жағдайда мүлікке салық төлеуден уақытша босатылады немесе оған салық ставкасы төмендетіледі; салықтан босату контракт шарттары бойынша қызметке пайдаланылатын мүлік жөнінде ғана қолданылады.

6-1. Комитет белгілеген стандарттарға сәйкес жеңілдіктер мен преференциялар берілген кезде осы Ереженің 4, 5 және 6-тармақтары қолданылмайды. <\*>

ЕСКЕРТУ. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 1998.06.30.  
N 3988 жарлығымен. U983988\_

#### V. Мемлекеттік заттық кепілдіктер

7. Мыналар мемлекеттік заттық кепілдіктер болып табылады:

1) негізгі қорлар - үй-жайлар, ғимараттар, беру қондырғылары, машиналар мен жабдықтар, есептеу техникасы, өлшеуші және реттеуші аспаптар мен қондырғылар, көлік құралдары, құрал-саймандар, өндірістік және шаруашылық мұкаммалдары, жұмыс және өсімтал мал, ұзақ жылғы өсімдіктер мен өзге де еңбек құралдары;

2) материалдық емес активтер - үй-жайларды, ғимараттарды пайдалану құқықтары және өзге де мүліктік құқықтар;

3) өндірістік қорлар (шикізат, материалдар, отын, қосалқы бөлшектер, сатып алынатын жартылай дайын өнімдер мен жинақтаушы бүйымдар, ыдыстар мен тағы басқалары), аяқталмаған өндіріс дайын өнім мен басқа да қорлар;

4) жер учаскелері және жер пайдалану құқығы.

8. Мемлекеттік заттық кепілдіктердің құнын бағалауды тапсырыстарға сараптама жүргізу кезеңінде тиісті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

9. Мемлекеттік заттық кепілдіктерді беру тәртібі:

1) инвестор қызметінің түріне, сондай-ақ мемлекеттік заттық кепілдік берудің экономикалық нысаналылығына қарай негізгі құралдар, материалдық емес активтер, өндірістік қорлар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім мен өзге де қорлар

осы инвестордың меншігіне өтеусіз беріледі;

2) жаңа өндірістік объектілердің құрылышына арналған жер участекелері инвесторларға мемлекет меншігіндегі жерден өтеусіз беріледі;

3) ауыл шаруашылығын инвестициялау кезінде ауыл шаруашылығына арналған жер отандық инвесторларға жерді тұрақты пайдалану құқығымен және шетелдік инвесторларға уақытша пайдалануға өтеусіз беріледі.

Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және ұқсату процесінде жоғары тиімді агротехника мен озық технологияларды қолдану мүнай кепілдіктерді берудің негізгі елшемдері болып табылады.

9-1. Комитет белгілеген стандарттарға сәйкес жеңілдіктер мен преференциялар берілген кезде осы Ереженің 7, 8 және 9-тармақтары қолданылмайды. <\*>

ЕСКЕРТУ. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 1998.06.30.

N 3988 жарлығымен. U983988\_

## VI. Кедендік жеңілдіктер

10. Инвестор жобаны жүзеге асыру үшін қажет сырттан әкелінетін тауарларға кеден бажын төлеуден босатылады. Мұндай босату инвесторға сырттан әкелінетін тауардың белгілі бір көлеміне және Комитетпен жасалған контрактіде белгіленген мерзімге беріледі. <\*>

11. Комитет белгілеген стандарттарға сәйкес жеңілдіктер мен преференциялар берілген кезде осы Ереженің 10-тармағы қолданылмайды. <\*>

ЕСКЕРТУ. 10-11-тармақтар жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1998.06.30. N 3988 жарлығымен. U983988\_